Ақын мұрасына адалдық

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 170 жыл толуына орай «Абай оқулары» сайысы өтті. Оған кітапхананың қызметкерлері мен тұрақты оқырмандары қатысып, ақын шығармаларын жатқа оқыды.

Тілеуберді САХАБА

Шараның мақсаты - халық данасының құнды мұрасын кеңінен насихаттау. Сөз сайысында Абай шығармасымен сусындаған 20-ға жуық талапкер өлеңдері мен Қара сөздерін оқыды. Осы күні «Абай үні - халық үні» деп аталатын кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оған ақын шығармашылығына қатысты 100-ден астам әдеби еңбек қойылды.

- «Жақсылық пен жамандық, әділдік пен қиянат туралы білгіңіз келсе, Абайды оқыңыз» деген екен Сұлтанмахмұт Торайғыров. Ұлы ойшылдың шығармашылығын насихаттауға бағытталған шаралар әлі де жалғасады, - дейді кітапхана қызметкері Гүлбаршын Жайсаңғалиева.

Шарада Павлодар қаласындағы музыкалық колледж студенті Дәуренбек Сләмғали Абай әндерін қазақтың қара домбырасымен тамылжыта шырқады.

Даниал ӘСЕНОВ, жыршы, байқауға қатысушы:

- Абай мұрасы - біздің бағамыз жетпес байлығымыз. Әрбіріміз ақынның шығармасын оқып, айтқан ақыл-өсиетін жадымызда ұстап, оны орындауға әдеттенуіміз керек. Бұл біздің толық адам болып қалыптасуымызға өз септігін тигізеді. Мұндай шаралар тек ақынның мерейтойы қарсаңында ғана емес, тұрақты түрде өткізіліп тұрса деген тілегім бар. Байқауды ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін.